

«БЕКІТЕМІН»
Шымкент қаласы мәдениет, тілдерді
дамыту және архивтер басқармасының
«Әл-Фараби» атындағы қалалық
ғылыми-әмбебап кітапханасы
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ
директоры



А.А. Жаппаркулова
28 04 2023 ж.

**Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыйайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс-қызмет туралы үлгілік ереже**

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ереже (бұдан әрі – Үлгілік ереже) "Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағына сәйкес және және Қазақстан Республикасы Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыйайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығына сәйкес әзірленген (бұдан әрі – Зан).

2. Осы Үлгілік ереже квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің функцияларын орындастырып, күрылымдық бөлімшелердің немесе адамдардың мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, функцияларын, өкілеттіктерін айқындауды.

3. Квазимемлекеттік сектор субъектілері өз қызметінің ерекшелігін негізге ала отырып, осы Үлгілік ережені ескере отырып, сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтер туралы ережені бекітеді.

4. Сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ереже квазимемлекеттік сектор субъектісінің ресми интернет-ресурсында орналастырылады және барлық жұмыскерлердің назарына жеткізіледі.

5. Осы Үлгілік ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – квазимемлекеттік сектор субъектілері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын сактауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

2) сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;

3) мұдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындауда және (немесе) тиісінше орындауда алып келуі мүмкін;